

Филологический Журнал
«Язык. Перевод. Культура»
Кокшетау, 2021

Филологический журнал «Язык. Перевод. Культура» для молодых ученых, аспирантов, магистрантов и студентов – Кокшетау: 2021. – 200 с.

Бажикеев К.К.

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.,

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ АУДАРМАНЫҢ ДАМУЫ
СИПАТЫ**

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі әдеби көркем аудармалар әдебиеттің әр жанрын қамти алған болатын. Поэзиялық, прозалық және драмалық шығармалар аудармасы қарқынды дамыды. Тек көрші орыс халқының ғана емес, әлем әдебиетінің небір жауһар туындылары қазақ жұртына таныстырылды. Бұрын жергілікті халыққа беймәлім болып келген

француз, ағылшын, неміс, Шығыс халықтарының шығармалары тәржімаланды. Мақалада XX ғасыр басындағы әдеби аударманың жай-күйі талданып, әдеби аударманы дамытуға үлес қосқан ақын-жазушылардың еңбегі, сол замандағы көркем аударма жасауға деген бетбұрысқа баға беріледі.

Түйін сөздер: көркем аударма, түпнұсқа, аудармадағы кемшіліктер, түрлі жанр, көркем сөз шеберлері.

XX ғасыр басында қолына қалам ұстаған, Алаш жұртының азат ел болуын қалаған, соған өз үлесін қосуды мақсат еткен әрбір оқыған Алаш азаматтары аудармамен, нақтырақ айтсақ, көркем аудармамен айналысты. Отарлық

күрсауында жатқан, төл баспасөзі, жазба әдебиеті енді қалыптасып келе жатқан

шақта бұл заңды құбылыс еді.

Қазақ халқының ұлы ағартушылары Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев өздерінің жазушылық және аудармашылық қызметтерімен XIX ғасыр соңында орыс мәдениетіне жол ашты. Ұлы Абайдың ақындық аудармашылық қайраткерлігінің құдіретімен «орыстың данасы Пушкин

өзінің сүйікті Татьянасын қолынан жетектеп, кең қазақ сахарасына алғаш рет қадам басты [1, 51]. Ал Ы.Алтынсариннің жазушылық-педагогтық қызметінің арқасында өзінің дана сөздерімен орыстың алып жазушысы Л.Н.Толстой келді.

XX ғасыр басында бұл дәстүр өз жалғасын тауып, орыс әдебиетінің көркем үлгілері ана тілімізде сөйледі. А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» повесі М.Бекімов аудармасында 1903 жылы Қазанда Харитоновтар бапаханасында басылып шықты. Кітап көлемі қырық сегіз бет. Араб әріпінде басылған.

Аударушы кітаптың сыртқы бетіне: «Шығарушы Россияның артық шешен поэті А.С.Пушкин, перевод еттім М.Бекимов», - деп жазған. Кітаптың ішкі бетіне ол өзінің ұстазына екі тілде (орыс және қазақ), арнау жазған. «Бағыл еттім переводымды, есімі өшірілмес үшін сүйікті ұстазым Дмитрий Николаевич

Григорьевке», – деген [2, 10].

М.Бекімов повесті бастан-аяқ толық, дәл аудармай, көп жерін ықшамдап, тіпті қысқартып, келте аударған. Мәселен, аударушы түпнұсқадағы мәні үлкен

эпиграфтарды, повестегі тарихи оқиға, өлке, қала, жер, күн райы суреттелетін тұстарды бірқатар кейіпкерлердің бейнелерін, кірме өлең, әңгімелерді қысқартып, тіпті тастап кеткен. Аудармашы Пушкиннің түпнұсқадағы айтайын

деген ойын дұрыс ұқпағанын көреміз. Ал, Молданияз Бекімов шығарманың негізгі идеясы Пугачев бастаған шаруалар қозғалысының халықтық,

бостандықшылдық сипатын көрсету деп ұқпай, әңгімедегі Петр Андреевич Гринев пен Мария Ивановна Миронованың сүйіспеншілік, үй ішілік әңгімелері

деп ұққан. Солай бола тұра түпнұсқа мен қазақша нұсқаны салыстырған кезде

байқайтынымыз Молданияз аудармасының сөз байламдары жеңіл, тіпті түсінікті. Жалпы алғанда, қазақтың сол кездегі жаңа жасалып келе жатқан – кітап тілі ғой.

Бірақ аударманың сөз байламдарында да, тілінде де, мін жоқ деп айта алмаймыз. Әрине, мін де, бірқатар кемшіліктер де баршылық. Аудармашы бірқатар сөздерді орысшасынан дәл, дұрыс аудармаған. Мысалы, ол түпнұсқадағы «просил руку» деген сөз тіркесін «қызының қолын сұрады» деп

береді. Ал «народ встретил с хлебом, с солью» дегенді «халық тұз бен нан алып шықты» десе, «выйти за ворота и дать сражение» дегенді «сыртқа

шығып, ұрыс бергенді тәуір көрді» деп аударған[3, 77].

Осындай кемшіліктері бола тұра М.Бекімовтің көркем аударма жасау тәжірибесі әлі қалыптаспаған шақта «Капитан қызы» сынды көлемді шығарманы тәржімелеуі, орыстың ұлы тұлғасын қазақ халқына танытсам деген

ұмтылысын ерекше бағалаймыз.

Ғасыр басында бір ғана емес, әдебиеттің түрлі поэзия, әңгіме, повесть, роман, драма сынды түрлі жанрда әдеби көркем аударма көптеп жарық көрген болатын. Солардың бірі –мысал, мысал өлеңдер аудармасы. 1909 жылы

А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал», 1910 жылы С.Көбеевтың «Үлгілі тәржіма»

жинағының жарық көруі, одан кейінгі Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев шығармашылығында мысал аудармаларының кездесуі, Алаш көсемі Ә.Бөкейханның 1925 жылы шыққан «Жетпіс жеті мысал Эзоп пен Толстой» аударма еңбегі мысал жанрының қазақ әдебиетінде орнығып, қалыптаса бастағанын көрсетеді. Аталған Алаш зиялылары Абай мен Ыбырай, Д. Бабатайұлы, М. Көпеев салған сара жолды дамытып, мысал аударуға белсене кірісіп, сол тұстағы қазақ қауымын ояту әрі тәрбиелеуде, өздерінің ағартушылық мұраттарын іске асыруда мысал өлеңдерді қажет теп тапқанын көреміз. «Әсіресе, А.Байтұрсыновтың аудармашылық дәстүрі, оның Крыловтан

аударған «Қырық мысалы» – тұтас бір дәуір, үлкен бір мектеп» болғанын аңғарамыз [4, 262].

Қазан төңкерісіне дейінгі аударма көпшілігі 1911 жылдармен 1915 жылдар арасында Тройцк қаласында шығып тұрған «Айқап» журналдарында басылған.

Әдебиеттің үлкен бір саласы болып табылатын көркем аудармаға кең жол ашылды. Әсіресе, орыс әдебиетінің туындылары көп аударылып басылды.

Бұл

журналдың беттерінен И.А.Крылов, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.С.Никитин, А.П.Чехов, А. Сорокин және тағы басқа орыс ақынжазушыларының шығармаларын сол кездегі қазақ елі өз тілінде оқи алатын

болды.

«Айқап» журналындағы аударма материалдар жайында сөз еткенде онда жарияланған көркем аударма үлгілері журналдағы материалдармен сабақтас, идеялас, бағыттас болған деп таныған жөн. Өйткені журнал және оның шығарушы редакторы Мұхамеджан Сералин қазақ даласындағы прогресшіл, демократияшыл абзал азаматтардың бәрін дерлік өзінің маңайына таратып , бір

идеяның төңірегіне топтастыра білген, алғыр да шебер ұйымдастырушы болған,

сонымен қоса аудармамен айналысқан адам. «Мұхамеджан Сералиннің аудармалары әр түрлі қырынан көрініс беріп отырды, ол - бір сырлы, сегіз қырлы аудармашы» [5, 100].

«Айқап» журналының беттерінде қазақ тілі мен әдебиетінің, ұлт баспасөзінің мәселелері жан-жақты жазылып отырған, орыс тілінен қазақ тіліне

аудару туралы аударманың теориясы және практикасы туралы кейбір авторлардың пікірі жарияланып тұрған: соның ішінде «Айқаптың» өз бетінде жарияланған кейбір аударма материал оқушылардың талқысына түсіп, аударма

шығарманың сапасы жайында кең пікір алысу, ұсыныстар жариялау ісі де ұйымдастырылған. Аударма жөнінде сол кезде айтылған кейбір пікірлер бүгінгі

талап-тілектермен де үндесіп жатады.

«Айқап бетіндегі көркем аудармалардың ең үлкені – парсы және тәжік халықтарының ұлы ақыны Фирдоусидің атақты «Шахнамасынан» үзінділер.

Бұл эпопеяны «Рүстем Зорап» дейтін тарауын М.Сералин қазақ тіліне аударып, «Айқаптың» 1914-15 жылдардағы сандарында бастырады. Журнал бетінде

бұдан бөлек ірілі-уақты 25 шақты шығарма орыс тілінен аударылып басылған.«Айқапта» жарияланған аударма шығармалары мыналар: Горчаковскийдің «Қазақ тұрмысынан» деген әңгімесі, аударған Хасен Мұхамеджанов, «Құдай жетімді тастамайды» деген өлең, аударған Уалихан Ғұмыров, И.А.Крыловтың «Өтірікші» деген мысалы, аудармашы Құсайын Мұхамеджанов, А.П.Чеховтың «Қара қарға» деген әңгімесі, аударған Ахмет Баржақсин, Л.Н.Толстойдың «Ілияс» деген очеркінде осы аударған, бұл елге танымал болып жүрген аудармашылар.

Бұлар Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Бекет Өтетілеуов, Спандияр Көбеев сияқты аудармашылардың санын көбейте түсті. Әдеби көркем аудармалар ұлттық сипаттағы «Қазақ» газетінде де көптеп жарияланды. Газет бетінде А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы т.б. авторлардың көркем аудармасы жарық көрді. «Қазақ» газеті ұлтшыл газет, бірақ ұлттық шектеушілікке бармаған. Мұның да мағынасын түсіне білуіміз керек. Әлиханнның екі мақаласының бірі орыс зиялылары туралы болды. Петербургте орыс зиялылары қайтыс болып жатса, некролог берді» дегеніндей

[6, 47], Әлихан бастаған қазақ зиялылары орыс әдебиетінде болып жатқан әр өзгеріс, жаңалықты қазақ оқырманына жеткізуді мақсат еткен Соған қоса орыс

әдебиетіннен тәржіма жасаған. Ә.Бөкейханнның көркем аудармадағы алғаш ізденістері – Н.Маркстен аударған «Қырым сөздері», А.Чеховтан «Хамелеон»,

Л.Толстойдан «Жұмыртқадай бидай», В.Короленкодан аударған «От» тәрізді біршама туындылары газет бетінде қазақ оқырманына жол тартты. М.Дулатовтың Пушкин, Лермонтов, Әбу Фирас сынды ақындардан аударған өлең-жырлары басылды.

Бұдан бөлек «Ақжол», «Темірқазық», «Садақ», «Алаш», «Сарыарқа» сынды әр түрлі газет-журналдар бетінде аудармаға, көркем аудармаға орын берілді. Әрине, аударылған дүниенің бәрі классиктер шығармасы немесе аударма сапасы кереметтей болмаса да бұл сол замандағы көркем аудармада жасауға деген бетбұрыстың жоғары болғанын көрсетеді.

Қай халықтың әдебиеті мен мерзімді баспасөзін алып қарасаңызда, аударма солардың белді бір саласы болып келген, жазба әдебиеті мен

баспасөзі

бар жерде аудармада бар. Олай болса, әдебиет, білім баспасөз қызметкерлерінің

творчествосында аударма өнері елеулі орын алған.

Сол кезде көркем аударма ісімен айналыспаған қаламгер ілуде біреу ғана болар. Қолына қалам ұстаған творчество қайраткерлерінің аудармамен айналысқандығын дәлелдейтін мысалды қай елдің мәдениеті мен әдебиетінің тарихынан да көптеп келтіруге болады.

XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде жасалған әдеби көркем аудармалар әдебиеттің әр жанрын қамти алған болатын. Поэзиялық, прозалық және драмалық шығармалар аудармасы қарқынды дамыды. Тек көрші орыс халқының емес, әлем әдебиетінің небір жауһар туындылары қазақ жұртына таныстырылды. Бұрын жергілікті халыққа беймәлім болып келген француз, ағылшын, неміс, Шығыс халықтарының шығармалары тәржімаланды.

Поэзияда М.Жұмабаев неміс классиктері Гейне мен Гетені, орыстың Кольцов, Фет, Лермонтов сынды асылдарын, араб ақыны Әбу Фирасты аударып, басқа жұрт туындыларына жаңа өмір сыйлады. Ұлт ұстазы болған «Ұлы Ахаң» А.Байтұрсынов А.Жадовская, В.Надсон, Вольтер, И.Крыловтың поэзиясын, Лермонтовтың «Мцыри» поэмасынан үзінділерін, А.Пушкиннің «Алтын этеш», «Алтын балық» сынды ертегілерін Ахаңның өзіне тән ерекшелікпен мейлінше жатық әрі көркем етіп, арасына қанатты сөздерді қосып

тәржіме қылды. М.Дулатов И.Крыловты, А.Пушкиннің «Гүл», Лермонтовтың «Айтыс», ағылшын ақыны Шиллердің туындыларын аударды. Міржақып аудармаларын оқи отырып Пушкин поэзиясындағы раушан гүлінің жұпар иісін,

Лермонтовтың Қазбегінің күрсінісін, көне араб поэзиясының серілік рухын, Крыловтың астарлы мысалын, Шиллердің жанға жайлы лиризмін сезінесің.

Ал

Шәкәрім Хафиздің ойлы да мөлдір ғазалдарын еркін аударма үлгісімен қазақша

төгілтеді. І.Жансүгіров Абай аударған Пушкиннің атақты «Евгений Онегинін»

жаңаша қайта жырлап, ақындық қуатымен қос аудармашылық шеберлігін танытты. С.Дөнентаев татар классигі Ғабдолла Тоқайдан «Рамазан айында» деген сатиралық өлеңі мен «Калила мен Дамнадан» тәржіма жасаған. Б.Өтетілеуов Хемницерден «Құмырсқа мен дән», Пушкиннен «Көктемнің

келуі», Жуковскийден «Туған жер», Лермонтовтан «Үш бәйтерек» шығармаларын аударып, т.б. тәржіме туындыларын дүниеге әкелген. Ғасыр басында бұдан басқа да ірілі-ұсақты лирикалық өлеңдер аудармалары көркем аударма көкжиегін кеңейтіп, көркем аударманың дамуына өз үлесін қосты. Өткен ғасыр басында Алаштың оқығандарының, көркем сөз шеберлерінің қатысуымен прозалық шығармаларда көптеп аударыла бастады. Жоғарыда аталған М.Бекімов Пушкиннің «Капитан қызын», Ә.Бөкейханов Л.Толстойдың «Қажымұрат», «Қапқаз тұтқыны», В.Короленконың «Макардың түсі» Г.Д.Мопассан әңгімелерін, Б.Айбасов И.С.Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын, М.Жұмабаев М.Горький әңгімелерін, Д.М.Сибиряк, В.Иванов шығармаларын, Ж.Аймауытов С.Чуиков, К.Беркович, Г.Д.Мопассан, Р.Тагор, Дж.Лондон сынды әлем әдебиетінің көрнекті өкілдерін көркем тілмен ана тілімізде жеткізе білді.

Ал Ш.Құдайбердиев А.Пушкиннің «Дубровский әңгімесі» романы мен «Боран» повесін өлеңмен аударып, ақындық құдіретінің қаншалықты екенін танытты. Кейін Т.Жомартбаев Л.Толстойдың «Праведный судья», «Старый дед и внучек» әңгімелерін, С.Көбеев Толстойдың «Өтірікші» әңгімесін өлеңмен аударып, Шәкәрім дәстүрін жалғастырды. Ал қазақ әдебиетінде бұл дәстүр ұлы Абайдың М.Ю.Лермонтовтың «Вадим» атты романын өлеңмен аударуынан басталғанын еске саламыз.

Алғашқы қазақ драма театрының ашылуы, жиын-той, әдеби сауық кештерде пьесалардың көбірек қойылуы ұлттық драматургиямен төл драмалық туындылардың пайда болуымен қоса көркем әдебиетте драмалық шығармалардың аударылуына алып келді. Ж.Аймауытов өз пьесаларынан бөлек А.С.Пушкиннен – «Тас мейман», «Сараң сері», Гогольден – «Ревизор» («Бақылаушы») пьесаларын, Ж.Құрманов М.Горькийден «Дұшпандар», Ж.Есбатыров Н.Виртаның «Үміті кесілгендердің қаскүнемдігі», Қ.Сағындықов, М.Жанғалиндер Островский пьесаларын, М.Дәулетбаев У.Шекспирдің «Гамлетін», Н.Гогольдің «Үйленуін», Қ.Тайшықов Гогольдің «Өлі жандарын», М.Әуезов Б. Пруттың «Жойқын князь Мстислав» пьесасын, сонымен қатар ішінара өзгерте аударып отырып, А.Афиногеновтің «Қорқыныш» («Страх») пьесасын тәржімалады. Драмалық аудармалардың ішінде Ж.Аймауытов аудармаларын ерекше айтуға болады. Жүсіпбек Пушкиннен

жасаған «Тас мейман» («Каменный гость») шығармасын аударуда мейлінше қазақша беруге тырысқан. «Лаура» деген қызды «Зәуре» деп, «Гитана» дегенді

«Титан» деп, «музыкантты» «қобызшы» деп қазақы қалыпта береді. «Жалпы аударма сәтті шыққан, қазақ оқырманы оқи алатындай түсінікті етіп аударған»,-

деген пікірге біз де қосыламыз [7, 148].

XX ғасыр басындағы Алаш Арыстары көркем аудармадан бөлек қоғамның әр саласына қажетті ғылыми, саяси-публицистикалық т.б аударма үлгілерін жасай білді. Соның ішінде, сол кезеңдерде мектептер мен училищелердің жоғарғы оқу орындарының ашылуы нәтижесінде көптеген оқулықтар түзіліп, оқулықтар аудармасы жасалды. Х.Досмұхамедов «Зоология», «Биология», «Гигиена», С.Асфендияров медицина ғылымына қатысты оқулықтарды, Е.Омарұлы геометрия, алгебра, Цингирдің физика оқулығын қазақшаға аударды. Ә.Бөкейханов Т.Тутковскийдің көлемі 102 беттей «Жердің қысқаша

тарихы», К.Фламмерионның «Астрономия әліп-биі», Д.Гровеннің «Дүниенің құрлысы» атты ғылыми еңбектерін де тәржімалаған М.Жұмабаев өзінің «Педагогика», Ж.Аймауытов «Психология», «Жантану» еңбегінде орыс, Европа

ғалымдарының ғылыми еңбектерін тәржімалап, өз оқулықтарына қосты.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 14. – Алматы: Жазушы,1985. –187 б
2. Пушкин А.С. Капитан қызы. (ауд. М.Бекімов). – Алматы: Жазушы, 1968. – 125 б.
3. Тұрарбеков 3. Әдебиеттер достығының дәнекері. –Алматы: Қазақстан, 1977. – 147 б.
4. Ысмағұлов Ж. Төл әдебиетімізді төркіндес мұралармен байыту үшін. Т. 2. – Астана: Фолиант, 2011. –490 б.
5. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы: Ғылым, 1987.– 263 б.
6. Қамзабекұлы Д.Алаштың рухани тұғыры.–Алматы:Ел- шежіре, 2008. – 357 б.

7. Қазыбек Г. Көркем аударма тәжірибесі. – Алматы: Қазақ Ұлттық Университеті, 2005. – 179 б.